

«6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Усенов Нурбол Ергешовичтің «Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруда тиімді педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысты.

Білім және экономика саласында бәсекеге қабілетті болу қазіргі әлемдегі негізгі талап және қажет болып табылады. Қазақстан Республикасы ел экономикасын және білімін дамыту және жақсарту барысында соңғы жылдары ерекше көңіл бөлуде. Әсіресе жас ұрпақтың және жалпы алғанда барлық жасөспірімдердің еңбекке қабілеттілігін арттыруда көп іс-шарамен жоспарлар жасалынып жатыр. Адам капиталын қалыптастыруда ең алдымен жалпы білім беретін мекемелердің рөлі жоғары екендігін көзіміз жетіп отыр.

Соңғы жылдары жаңартылған білім мазмұнына көшу аясында барлық мектеп пәндерінде мазмұнымен қаттар оқу мақсаттары күрт өзгерді. Өзгерістің негізгі себебі жақандану кезеңінде білікті оқушыларды шығару және келесі сатыда өз елімізде сонымен қатар шет елдерде білім алуға мүмкіншілік беру.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары экономика саласында ғылымды көп қажет ететін өндірістер орын алуда, әсіресе инновациялық-индустриялық дамуында ғылымды көп қажет ететін салалар пайда болды. Сондықтан еңбек нарығы жоғары білікті және шығармашылық жұмысшыларға қажеттілік туды.

Интеллектуалды қызметтің басымдықтары, білім беру қызметінің жоғары деңгейі, ақпараттық жүйелердің дамуы және білім берудегі теңсіздікке тәуелділік қазіргі қоғамның дамуы үшін маңызды қажеттіліктер болып табылады.

Мектептегі білім берудің заманауи жүйесі жаһандық және аймақтық мәселелер мен дағдарыстарды шешуге ықпал етеді. Сондықтан географиялық білімнің маңызы ерекше, өйткені ол оқушыларға білім мен дағды беріп, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектеседі.

Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу, білімді бағалау және тұлғаға бағдарланған білім беру формаларын өзгерту, оның ішінде оқушылардың білімі мен білігінің практикалық бағыттарын қамтамасыз ететін географиялық ұғымдар мен стильдерді қалыптастыру білім беру үдерісінің кілті болып табылады.

Жалпы орта білім берудің сапасын арттыру үшін білім беру жүйесін дамытудың бағыттары мен тенденцияларын анықтау, сонымен қатар оның негізінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі өсуде. қабілет. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті

білім беру стандарттарына сәйкес «География» және «Жаратылыстану ғылымдары» негізгі, орта және жалпы орта білім деңгейінде оқытылады. «География» курсының мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Диссертациялық жұмыста жоғарыда аталған бір қатар проблемалардың шешуі көрсетілген. Усенов Н.Е. географиялық білім арқылы білім дағдыларын дамытуға дидактикалық әдіс-тәсілдерін қарастыра отыра шешу жолдарын ұсынып отыр. Сондықтан диссертациялық жұмысының өзектілігі айқын болып табылады және білім саласындағы бір қатар қабылданған бағдарламаларды іске асыруға бағытталған.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.

Зерттеу жұмысты барысында ізденуші мынадай ғылыми нәтижелерге қол жетті:

Біріншіден, отандық және шетелдік ғалымдардың әдістемелік, педагогикалық-психологиялық зерттеулеріне сүйене отыра зерттеу тақырыбына сай теориялық-әдіснамалық мазмұнына жан-жақты жасай отырып Орта мектептегі жаңартылған мазмұндағы «Қазақстан географиясы» курсына экономикалық - географиялық ұғымдармен заңдылықтардың құрылымына талдау жасалды.

Екіншіден, оқу сапасын артыру барысында, оқушылардың оқу іс-әрекетіне баға беру мақсатында экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар бойынша оқушылардың білімі мен іскерлігінің қалыптасу деңгейі анықталды.

Үшіншіден, оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру барысында экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды игеру үшін бір қатар тиімді әдістемелік технологиялар негізделді.

Төртіншіден, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігін экспериментальды түрде тексерілді және оның тиімділігі анықталды.

Бесіншіден, үш тілді дағдыларды дамыту мақсатында қазақша-орысша-ағылшынша экономикалық географиялық ұғымдар мен терминдердің сөздігі әзірленді.

3. Диссертацияда келтірілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), докторанттың тұжырымы мен қорытындысының негізділік және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайлығы ізденушінің зерттеу барысында жаңартылған білім мазмұны аясында «Қазақстан географиясы» курсына экономикалық - географиялық ұғымдармен заңдылықтардың құрылымын талдай отырып олардың әдістемелік және дидактикалық құрлымы ұсынылып, географиялық білімдегі орны айқындалды. Сонымен қатар Усенов Н.Е. өзіндік ой пікірлерін тұжырымдап теориялық тұрғыдан қортында жасай білгендігінде.

Екінші нәтижесінің негізделуі және шынайлығы дәрежесі - экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар бойынша оқушылардың білімі мен іскерлігінің қалыптасу деңгейін анықталуында.

Үшінші нәтижесінің негізделуі және шынайлығы дәрежесі - экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік технологияларды негіздеуде. Сонымен қатар ізденушінің қысқа мерзімді оқу жоспарлануының әзірленуінде.

Төртінші нәтижесінің негізделуі және шынайлығы дәрежесі - экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігін эксперименталды түрде тексерілуінде.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің) және докторанттың тұжырымының жаңашылдық дәрежесі.

Ізденуші Н.Е. Усеновтің әрбір ғылыми нәтижесінің тұжырымдары мен қортындыларының жаңалық дәрежесіне тоқталатын болсақ:

Бірінші ғылыми нәтижесі жаңа – себебі жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясының экономикалық және әлеуметтік компонентін біріктіруге мүмкіндік беретін экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың жалпыланған құрылымы бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыдан қарастырылмаған.

Екінші ғылыми нәтижесі жаңа, өйткені - оқытудың спиральді технологиясына сәйкес географиялық білім берудің мазмұндық және дидактикалық компоненттерінің тиімділігін анықтау үшін алдыңғы білім мен іскерлікті мектеп жағдайында диагностикалау жүргізілмеген.

Үшінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік технологиялар негізделді.

Төртінші ғылыми нәтижесі жаңа. Жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың экономикалық-географиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін арттыруға бағытталған белсенді педагогикалық технологияларды қолдану және қысқа мерзімді сабақ жоспарларының (ҚМЖ) тиімділігі, теориялық тұрғыдан және эксперимент жүргізу барысында тексерілді және дұрыс екендігі дәлелденді.

5. Докторант алған нәтижелердің теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмысты Усенов Н.Е. бір қатар теориялық маңыздылыққа қол жеткізді:

- жаңартылған мазмұн аясындағы географиялық білім берудің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың географиялық мәдениетін және географиялық білім беруді модернизациялаудың қазіргі бағыттары аясында әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыруда, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтардың маңыздылығы сипаталып негізделді;

- мектептегі география пәнінің жаңартылған мазмұнына сәйкес экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастырудың

әдістемелік жүйесі дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, сондай-ақ география мұғалімдерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде қосымша әдістемелік материал ретінде қолданды.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмысында алынған негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бір қатар отандық және шет елдердің басылымдарында, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 12 ғылыми мақала жарық көрді. Олардың қатарында Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық конференцияда 3 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒСҚК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды және «Қазақша-орысша-ағылшынша тілдеріндегі экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдердің анықтама сөздігі» оқу құралы әзірленді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыста бір қатар кемшіліктер мен ұсыныстар бар, олар:

1. Экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды 8 сыныппен және 10 сыныппен байланыс қарастырғаны жөн болатын еді.
2. Экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды бүкіл бойымша 2 бөлім бойынша тұтас алынбаған.
3. Диссертациялық жұмыста үш тілдік құзыретілік моделі қарастырмаған.
4. Диссертациялық жұмыста бір қатар грамматикалық және стилистік қателер кездеседі.

8. Диссертация мазмұнынның Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Усенов Н.Е. диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» 2 бөлімнің №5, 6, 7, 8 тармақтарына сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» 2 бөлімнің №5-8 тармақтарына сай келеді және «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға сай келеді.

Диссертациялық жұмыс жеке орындалған және аяқталған болып табылады. Ғылыми жұмыс қол жетімді және ғылыми тілінде жазылған. Жоғары көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, Усенов Нурбол Ергешовичтің «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)

дәрежесін алуға ұсынылған «Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруда тиімді педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған жұмысы диссертациялық кеңесте қорғалуға ұсынылады және «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің «Физикалық және
экономикалық география» кафедрасының
профессоры, педагогика ғылымдарының
докторы**



Саипов А.А.

